

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EHZL5316>***Г. Қ. Жүсіпова¹, Е. Қ. Жүсіпов², З. Е. Қуандық³, А. Маулет⁴**¹«Тұран-Астана» университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

^{2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁴Күләш Байсейітова атындағы

Қазақ ұлттық өнер университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-5723-7556>²ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5670-5711>³ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8065-9640>⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7625-0407>e-mail: zhusip69@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СОПЫЛЫҚ САРЫН

Қазақ әдебиетіне сопылық ілімнің әсерін межелегенде әлем жаратылысы, ізгілік, имандылықты т.б. арқау еткен шығармалар Мәшһүр Жүсіптің әдеби мұрасымен, Жүсіп Баласағұнның 1069–1070 жылы жазылған «Құтты білік» еңбегімен және ежелгі түркі әдебиет өкілдерімен салыстырыла қарастырылып, зерделенді. Сонымен қатар зерттеуші Ә. Дербісәлиев, Ә. Қоңыратбаев, А. Қыраубаева, Н. С. Смирнова еңбектеріне сүйене отырып, ғылыми дәйектемелер беріледі. Алла, Мұхаммед пайғамбар туралы Мәшһүр Жүсіп шығармаларында шығыстық гибратнамалық үлгілердің ұлттық сана қалыптастырудағы маңызы ғылыми тұрғыда дәлелденеді.

Бұл мақалада сопылық әдебиеттің бастау көзі қайдан, қалай өрістегені туралы ақпараттарға тоқтала отырып, суфизм ертеден шығыстан келгенін, қазақ әдебиетінде Қожә Ахмет Иассауден бастап XX ғасыр әдебиетінде жалғастығын тапқанын көреміз. Араб мәдениетімен тығыз байланыста дамыған түркі әдебиетінде де басты тақырып, өзекті сарын алдымен Алланы, одан соң пайғамбарды дәріптеу орын алған. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабында да Алланы мадақтау, Мұхаммед пайғамбар істерін, гибратты сөздерін дәріптеу арқылы адами құндылықтар шығарманың идеялық-тақырыптық негізін құрайды.

Абай Құнанбайұлы, М. Ж. Көпейұлы шығармаларында да алдымен Алланы, кейін пайғамбарды жырлау негізгі ойдың өзегіне жол тартқанын көреміз. Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде дін тақырыбын игерудің алуан түрлі жанрлар арқылы жүзеге асқанын көреміз. Мысалы, хикаяттар, шарты сюжеттер, төрттағандар, дастандар т.б. Осыдан ақынның дін тақырыбындағы еңбектерінің маңыздылығын, ауқымдылығын бағамдай аламыз.

Кілтті сөздер: ұлттық, әдет-ғұрып, сопылық әдебиет, ортағасырлық араб әдебиеті, ислам.

Кіріспе

Еліміз тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, әлемдік деңгейде бой көрсете бастаған қазіргі таңда мұраларымызға деген құрмет-қошемет артып, ана тілімізді таным құралы ретінде зерттеудің маңызы ерекше болып отыр. Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, өзге елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып-білуде рухани бай мұрасына үңілетініміз айқын.

Қазақстан Республикасының президенті Н. А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында тарихи және қоғамдық сананың ашықтығының маңыздылығын атап, рухани болмысымыздың кілті – ұлттық кодты жүйелі түрде талдап көрсеткен болатын. Ұлттық код ұлы тұлғалар өмірінің ақтаңдақтарын ашып көрсетуді, олардан алар ұлағатты тағылымды ұрпақ бойына сіңіруді құптайды. Өткен ғасырдағы қазақ тарихының көрнекті тұлғасы – ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, публицист әрі этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының біз біле бермейтін қырлары өте көп. Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетін екі ортадағы жалғастырып жатқан алтын көпір десе де болады.

Сопылық әдебиеттің ХІ ғасырда жаңа мәнге ие болып толыққандығын белгілі ғалым Е. Э. Бертельс еңбегіне сүйеніп дәлелдейді: «Суфизм діни-мистикалық ағым ретінде VIII ғасырда-ақ пайда болғанымен, ХІ ғасырдың соңында өз идеологиясын антикалық және христиан ой-пікірімен толықтыра отырып жетіліп, жаңа мазмұндағы ағымға айналып үлгерген болатын» [1]. Сонымен қатар Ә. Дербісәлиев бұл идеяны өрістетіп, Х ғасырдағы араб мәдениетінің өкілі Әбу Ибраһим Исхақтың «Диуан әл-адиб» («Әдеби жинақ») атты еңбегіне көңіл бөлгізеді: «Әбу Ибраһим Исхақ «Жинағы», «Кіріспемен» басталған. Онда ол сол кездегі өзге де авторлар секілді әуелі жаратушы мен оның елшісі Мұхаммадқа мадақ арнайды» [2].

Материалдар мен әдістері

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Сопылық әдебиеттің қандай жағдайда пайда болып, қалай өрістегені туралы құнды пайымдауды арабтанушы ғалым Ә. Дербісәлиевтен табамыз: «Аббастық халифалар дәуірінде исламда мистикалы-аскеттік ағым-суфизм қалыптасады. Аскет-суфилер немесе факир дәруіш деп аталатын софылар ислам әлемінде христиан монахтары секілді роль атқарады. Софылар байлықтан безініп, жер бетінің ләззат қызығынан бас тартуға, жоқшылық өмірді және жаратушымен о дүниеде табысуға шақырған [1]. Ә. Қоңыратбаев сопылық поэзияны «дидактикалық поэзия» ретінде қарастырып: «Оның басында құдай, пайғамбарға сыйыну тұрған» [3], – деп көрсетеді. Зерттеуші Ы. Дүйсенбаев шығыстан қазақ әдебиетіне сюжет желісі ауысқан шығармалар туралы айта келіп, оның ішінде діни тақырыптағылардың біраз орын алатынын ашады: «Өйткені сол шығыстан ауысқан үлгілердің өзі бір текті емес, мысалы, халықтық туындылар, классиктердің шығармаларынан басқа «Жұм-Жұма», «Сал-сал», «Зарқұм», «Мұхаммет пайғамбардың Миғражға шыққаны», «Кербаланың шөлінде», «Мұхамметханафия», «Мәлікаждар» және тағы басқалар секілді негізінде ислам дінін уағыздауды мақсат еткен кисса-дастандар да аз емес» [4].

Ортағасырлық араб әдебиетінде алдымен Алланы, пайғамбарды мадақтау кең орын алды [5], десек, мұның әсері XIII ғасырдағы ғұлама ақын Сағдидің «Гүлстан» дастанынан да толық көрінетіні белгілі. Ә. Қоңыратбаев шығармада: «д, тағдырға қанағат ету... ж.құдайға салауат... н. Дұға», қысқасы, Аллаға мойынсыну бөлімдері бар екенін айтады [3].

Жоғарыда айтылғандай, араб мәдениетімен тығыз байланыста дамыған түркі әдебиетінде де басты тақырып, өзекті сарын алдымен Алланы, одан соң пайғамбарды дәріптеу болғаны аян. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның 1069–1070 жылы жазылған «Құтты білік» кітабының қара сөзбен берілген кіріспесінің ең басында мына сөздер тұр: «Бісімләхи-р-рахмани-р-рахим! Өзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз» [6]. Ал, одан кейін берілген өлеңмен жазылған кіріспе бөлім де Аллаға сүйіспеншілік білдірумен басталады: «Құдіретті бір хақ барша алапқа, // Соған лайық мәртебе де, мадақ та.» [6] Сондай-ақ өлеңге құрылған негізгі бөлім беташары да Алла құдіретін жар етуге арналған:

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді [6].

Сонымен бірге «Құтты білікте» Алладан кейін Мұхаммед пайғамбар еңбегін аспандатуға біраз орын берілген:

Рахымды ием, пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты жарықтың! [6]

Кейінгі зерттеудің бірінде ХІІ ғасырдағы «Орта ғасырлық сопылық поэзия өкілдерінің бірі – Түркістан қаласында туып өскен Сүлеймен Бақырғани» [7] екендігі көрсетілген. Түркі әлеміндегі сопылық поэзияда ХІІ–ХІІІ ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иассауи ерекше орын алатыны белгілі. Ә. Қоңыратбаев былай дейді: «Қожа Ахмет Яссауи поэзиясының мазмұнында екі түрлі жүйе бар. Оның бірі-суфизм, екіншісі – бұл дүниеге сыймай торығу, оны сынау сарыны» [3].

Кейінгі кезде Қожа Ахмет Иассауи мұрасына әдебиетшілермен қатар философ ғалымдардың үңіле бастауы байқалады. Мәселен, профессор Ә. Нысанбаев: «Сопылықтың негізін қалаған атақты ойшыл Иассаудің дүниетанымы мен философиясы туралы мағлұматтарды жүйелеуге» [8] тырысқанын жазады. Рабғұзидің ХІV ғасырдағы «Қисас сул-әнбия» (1310 ж. Жазылған) кітабында бұл дәстүрдің одан әрі жалғастырылып, дамытылғанын көреміз. Зерттеуші А. Қыраубаева бұл туралы толығырақ мағлұмат береді: «Құрандағы мифтердің біразы «Тәурат», «Інжілден», исламға дейінгі арабтың аңыз-әңгімелерінен алынған. Оның бір бөлігі пайғамбарлар жайлы аңыздар. Пайғамбарлар өмірі туралы, Құраннан басқа, араб-парсы тілінде де діни кітаптар шыққан болатын. Рабғұзидегі пайғамбарлар туралы әңгімелердің негіздері осылардан алынған» [9].

Қазақ ауыз әдебиетіндегі ислам діні әсері өзалдына бір төбе әңгіме. Жалпы шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне қарап, мұсылман діні шыққанға дейінгі туындылар, немесе одан кейінгілері деп атау да көп ретте өзін ақтап жүр. Мәселен: «Көне эпостарға үлкен әлеуметтік мәселелер, таптық қайшылық, дін жолында күреске шығу сияқты мотивтер жат. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, күресі отбасы үшін, болмаса өз руының мүддесі үшін, соның шеңберінде ғана суреттеледі», – деген пікір орынды [10].

Зерттеуші Н. С. Смирнова қазақ фольклорына ХІХ ғасырда Ислам әсері күшейе түскенін атап өтсе [11], зерттеуші С. Талжанов «Мұхаммедия» (1855 ж. жазылған) кітабында «басынан аяғына дейін мұсылман діні, Мұхаммед пайғамбардың әулеті» мақталатынын ескерткен [9]. Сондай-ақ ол Мұхаммед ұрпағы өмірі, қиындықтары бейнеленген «Кербаланың шөлі» дастанына да көңіл бөлген [12].

Мұның бәрі Алла, Мұхаммед пайғамбар туралы әр кезде көп қаламгердің жабыла үн қосқанын дәлелдесе, арнайы дастан арнамаса да, сөз арасында болсын, Алла мен Мұхаммедті жырламаған шығыс ақынын кездестіру қиындығы да аталған тақырыптың шығыс әдебиеті үшін қаншалық мәнді, өзекті болғанын дәлелдей түседі. Басқаны былай қойғанда, ұлы ақын Абайдың мына бір өлең жолдарын келтірсек те, аталған тақырыптың қаншалық жетекші болғаны көзге ұрады:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөз айырмас [13].

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің басты мәселесі имандылыққа, адамгершілікке, әділеттілікке, адалдық пен ақиқатқа, еңбекқорлыққа үндеген. Мәшһүр Жүсіп өзінің өлеңдерінде шығыс әдебиетінің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді. Ақын Бұхарда, Қоқан, Самарқанд, Ташкентте барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді.

«Ақыреттің егіні» шығармасында Мәшһүр Жүсіп:
Ойласаң, ақыреттің бәрі қиын,
Тірлікте ғибрат қып, хаққа шын!
Бұл күнде жамандықтан тыйылыңыз
Алланың көрем десен, жұмақ, үйін [14]

...Түп-түгел үлкен-кіші, кәрі-жасқа.
Жеткенше басың жерге ғибадат қыл,
Сұрақ жоқ айтатұғын мұнан басқа [14].

Ақын өлең жолдарында тірлігінде Алла көрсеткен жолмен жүріп, ғылымды үйрену, иман келтіру, тәубе ету, жамандықтан аулақ болу т.б. қарастырады. Аллаға құлшылық ету арқылы имандылық, адами құндылықтарды дәйектейді. «Дін» ұғымын Мәшһүр Жүсіп халықтың рухани болмысымен, білік – танымымен сабақтас алып қарайды. Оның «Жер мен көк», «Хаятбақшы», «Миграж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» т.б. шығармалары Алла тағаланың құдіретіне сендіруге бағытталғанын көреміз. Аллаға сенудің Абайда да, жетекші роль атқаратынын зерделесек те, оның ар жағында бүкіладамзаттық ізгілік идеясы жатқанын ескеру қажеттігі туады.

Мәшһүр Жүсіптің Мұхаммед пайғамбар жөнінде жазғандары дін тақырыбын игерудің, Алла жолын насихаттаудың кіріспесі іспетті болса,

сол негізгіні толықтыруға арналған шығармалары да аз емес. Соның бір өнімді саласы-ақиқат жолынан адасушылар, немесе Алла жолын, әділдік, ізгілікті іздеушілер өмірін бейнелеген туындылар. Мұның бәрі отарлау қыспағына ұшыраған қазақ халқының алдымен дінінен, соған байланысты тілінен, ұлттық болмыс-бітімінен, қысқасы елдігінен айырылу қаупі туғанда, соған қарсы қалқан қою; тіл, ар-ұждан, ұлттық сананы сақтауға мұрындық боларлық Алланы сүю, ақ жол іздеу ниетінен туғаны анық. Осындай шығармаларды кезінде өз заманындағы қайшылықтарды шеше алмағандардың торығуы, үміт кесу, бақытты алдамшы елестен, о дүниеден қысқасы, бардан емес, жоқтан іздеуі, яғни білгірлік емес, білімсіздік; ізгілік емес күйректік; өмір сүю емес, өмірден безу нәтижесі деп түсіндіруіміз де аз болған жоқ. Енді бүгінгі өскелең сана биігімен бағамдап, өмір сүю мәнін тек «Өмір жасасын!» – деген жалаң айғай, немесе соны тікелей насихаттау ғана шешпейтінін, қайта өлімді жырлау арқылы да өмірсүюшілікті шынайы әспеттеуге болатынын аңғара да, дәлелдей де бастадық.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – ақын, жырау, шежіреші, ғұлама ойшыл ретінде ұлттық руханиятқа сүбелі үлес қосқан тұлға. Оның шығармаларында шығыстық әдебиет дәстүрінің, әсіресе исламдық және сопылық дүниетанымның ықпалы мол. Ақын ғылымның әр саласынан терең хабардар болғаны белгілі, қалам тербемеген тақырыбы жоқ десек қателеспейміз. «Қазақ тарихы және географиясы деректері» танымдық еңбегінде уақытқа қатысты мынадай ойлары бар: «Күн әр уақытта бір жерден шығып тұрмағандықтан, күннің шығысы мен асыл жақты белгілеуге қатысы болмағандықтан, Темірқазық жұлдызымен белгілеу анық болады. Жұлдызға қараған кісінің алды – сол, арты – оң. Мұнан басқа құбыланамамен белгілеуге болады. Құбыланама әр уақытта оң мен солды білгізеді» [15].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP26199787 «Мәшһүр Жүсіп және рухани құндылықтар»).

Қорытынды

Зерттеуші ғалымдар сопылық өз дамуының алғашқы кезеңдерінде исламның мәніне қайта оралатын ағым болғанын атап өтеді. Сопылық Мұсылман қоғамының едәуір бөлігін қалыптастыруға көмектесті [16]. Жалпы түркі әдебиетіндегі, оның ішінде қазақ әдебиетіндегі сопылық сарынды М. Ж. Көпейұлының шығармаларынан нақты көре аламыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы аталған тақырыпқа арнап көптеген қара сөз үлгілерін, өлең т.б. жазумен қатар арнайы дастандар жазған. Ақынның ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын оқумен бірге Ч. Дарвин, В. Белинский

тәрізді Европа, Россиядағы кейінгі XIX ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын [17] ескерсек, белгілі бір аңызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін межелей аламыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1982. – Б. 84, 183–184.
- 2 Отырар ғұламалары [Мәтін] // «Жалын» журналы. – 1992. – № 3. – Б. 46.
- 3 **Қоңыратбаев, Ә., Қоңыратбаев, Т.** Көне мәдениет жазбалары [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 1991. – Б. 93–94, 199, 202.
- 4 **Дүйсенбаев, Ы.** Эпос және ақындар мұрасы [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1987. – Б. 14.
- 5 **Шидфар, В. Я.** Генезис романа в литературах Азии и Африки [Текст]. – М. : Наука, 1980. – С. 109–110.
- 6 **Баласағұн, Ж.** «Құтты білік» [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1986. – Б. 38, 40, 50, 53.
- 7 **Ахметов, Р.** Сопылық сарын [Мәтін] // «Жұлдыз» журналы. – 1993. – № 3. – Б. 148.
- 8 **Нысанбаев, Ә.** Иассаудің дүниетанымы мен философиясы [Мәтін] // «Ақиқат» журналы. – 1994. – № 2. – Б. 81.
- 9 **Қыраубаева, А.** Ғасырлар мұрасы [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1988. – Б. 26.
- 10 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1993. – Б. 71.
- 11 **Смирнова, Н. С.** Казахская народная поэзия [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1967. – С. 10.
- 12 **Талжанов, С.** Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1975. – Б. 50.
- 13 **Құнанбаев, А.** Шығармалар жинағы [Мәтін]. – Алматы : «Ғылым», 1977. – 303 б.
- 14 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – Б. 19, 27.
- 15 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы [Мәтін] // «Қазақ тарихы» журналы. – 1995. – № 2. – Б. 56.
- 16 Annemarie Schimmel [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.britannica.com/topic/Sufism/Sufi-orders> (Соңғы жаңарту: 13.05.25)
- 17 **Russon, G.** The Evolution of Verse Structure in Old and Middle English Poetry. From the Earliest Alliterative Poems to Iambic Pentameter [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 2017. – 319 p.

References

- 1 **Derbisaliyev, A.** Arab ädebiyeti [Arabic literature] [Text]. – Almaty : Mektep, 1982. – P. 84, 183–184.
- 2 Otyrar ğulamalary [Otrar scholars] [Text] // «Jalyn» jurnalı. – 1992. – № 3. – P. 46.
- 3 **Konyratbayev, A., Konyratbayev, T.** Köne mädeniet jazbalary [Ancient cultural records] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 1991. – P. 93–94, 199, 202.
- 4 **Dyusenbayev, I.** Epos jäne aqyndar mürasy [Epic and the legacy of poets] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1987. – P. 14.
- 5 **Shidfar, V. Ya.** Genезis romana v literaturah Azii iAfriki [The genesis of the novel in the literatures of Asia and Africa] [Text]. – Moscow : Nauka, 1980. – P. 109–110.
- 6 **Balasagun, Zh.** «Qütty bılkı» [«Kutty Bilik»] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1986. – P. 38, 40, 50, 53.
- 7 **Akhmetov, R.** Sopylyq saryn [Sopylyk saryn] [Text] // «Jüldyz» jurnalı. – 1993. – № 3. – P. 148.
- 8 **Nysanbayev, A.** İassadıñ dünüetanymy men filosofıasy [İassau's worldview and philosophy] [Text] // «Aqıqat» jurnalı. – 1994. – № 2. – P. 81.
- 9 **Kyraubaeva, A.** Ğasyrlar mürasy [The Legacy of centuries] [Text]. – Almaty : Mektep, 1988. – P. 26.
- 10 **Ibraev, Sh.** Epos älemi [The world of epic] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1993. – P. 71.
- 11 **Smirnova, N. S.** Kazahskaia narodnaia poezia [Kazakh folk poetry] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1967. – P. 10.
- 12 **Talzhanov, S.** Audarma jäne qazaq ädebiyatınıñ мәseleleri [Problems of translation and Kazakh literature] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1975. – P. 50.
- 13 **Kunanbayev, A.** Şyğarmalar jınağy [Collection of works] [Text]. – Almaty : «Ğylym», 1977. – 303 p.
- 14 Mäşhür Jüsip Köpeiüly. Şyğarmalary [Mashkhur Zhussip Kopeiylu. Essays] [Text]. – Pavlodar : «EKO» ĞÖF, 2003. – P. 19, 27.
- 15 Mäşhür Jüsip Köpeiüly. Aspan, jer jäne adam jaratylısy turaly [Mashkhur Zhussip Kopeiylu. About Heaven, Earth and human creation] [Text] // «Qazaq tarihy» jurnalı. – 1995. – № 2. – P. 56.
- 16 Annemarie Schimmel [Electronic resource]. – URL: <https://www.britannica.com/topic/Sufism/Sufi-orders> (Last update: 13.05.25)
- 17 **Russom, G.** The Evolution of Verse Structure in Old and Middle English Poetry. From the Earliest Alliterative Poems to Iambic Pentameter [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 2017. – 319 p.

15.07.25 ж. баспаға түсті.

29.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жусупов², З. Е. Куандык³, А. Маулет⁴

¹ Университет Туран-Астана,
Республика Казахстан, г. Астана;

^{2,3} Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁴ Казахский национальный университет
искусств Куляш Байсеитовой,
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 15.07.25.

Поступило с исправлениями 29.07.25.

Принято в печать 25.08.25.

СУФИЗМ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Для определения влияния суфийских учений на казахскую литературу были проведены сопоставление и изучение произведений о сотворении мира, добре, нравственности и т.д. с литературным наследием Маишхура Жусупа, произведением Юсуфа Баласагуна «Кутты билик», написанным в 1069–1070 годах, и представителями древнетюркской литературы. Кроме того, приводятся научные доказательства, основанные на трудах исследователей А. Дербисалиева, А. Коныратбаева, А. Кыраубаевой, Н. С. Смирновой. Научно доказана важность восточных дидактических моделей в формировании национального самосознания в произведениях Маишхура Жусупа об Аллахе и пророке Мухаммаде.

В данной статье, сосредоточившись на информации об истоках и развитии суфийской литературы, мы видим, что суфизм пришел с Востока с древнейших времен, и нашел свое продолжение в казахской литературе, начиная с Ходжи Ахмета Иассау и продолжая в литературе XX века. В тюркской литературе, развивавшейся в тесном контакте с арабской культурой, основной темой, актуальным тоном было прославление Аллаха, а затем пророка. Например, в книге Юсуфа Баласагуна «Кутты билик» общечеловеческие ценности составляют идейно-тематическую основу произведения, прославляя Аллаха, прославляя деяния и назидательные слова пророка Мухаммада.

В произведениях Абая Кунанбайұлы и М. Ж. Копейұлы мы видим, что восхваление сначала Аллаха, а затем пророка приводит к сути основной идеи. В произведениях Маишхура Жусупа мы видим, что развитие религиозной темы осуществлялось через самые разные жанры. Например, рассказы, сказки, четверостишия, эпосы и т.д. Исходя из этого, мы можем оценить важность и масштаб произведений поэта на религиозную тему.

Ключевые слова: национальное, обычаи, суфийская литература, средневековая арабская литература, ислам.

*G. K. Zhussupova¹, E. K. Zhussupov², Z. E. Kuandyk³, A. Mauler⁴

¹Turan-Astana University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

^{2,3}Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁴Kazakh National University
of Arts named after Kulyash Baiseitova,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 15.07.25.

Received in revised form 29.07.25.

Accepted for publication 25.08.25.

SUFISM IN KAZAKH LITERATURE

In order to determine the influence of Sufi teachings on Kazakh literature, works on the creation of the world, goodness, morality, etc. were compared and studied with the literary heritage of Mashkhur Zhussip, the work of Yusuf Balasagun «Kutty bilik» written in 1069–1070, and representatives of ancient Turkic literature. In addition, scientific evidence is provided based on the works of researchers A. Derbisaliyev, A. Konyratbayev, A. Kyraubaeva, N. S. Smirnova. The importance of oriental didactic models in the formation of national consciousness in the works of Mashkhur Zhussip about Allah and the Prophet Muhammad is scientifically proven. In this article, focusing on information about the origins and development of Sufi literature, we see that Sufism came from the East from ancient times, and found its continuation in Kazakh literature starting from Khoja Akhmet Iassau and continuing in the literature of the 20th century. In Turkic literature, which developed in close contact with Arab culture, the main theme, the current tone, was first glorifying Allah, and then the Prophet. For example, in the book «Kutty

bilik» by Yusuf Balasagun, human values form the ideological and thematic basis of the work by glorifying Allah, glorifying the deeds and instructive words of the Prophet Muhammad.

In the works of Abai Kunanbayuly and M. Zh. Kopeiyuly, we see that praising Allah first, and then the Prophet leads to the core of the main idea. In the works of Mashkhur Zhussip, we see that the development of the theme of religion was carried out through various genres. For example, stories, conditional plots, quatrains, epics, etc. From this we can assess the importance and scope of the poet's works on the theme of religion.

Keywords: national, customs, Sufi literature, medieval Arabic literature, Islam.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz